



«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ
2019 жылғы 30 сәуір
№ 145 хаттама

**Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру
ЕРЕЖЕСІ
«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру жөніндегі осы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Халық» сақтандыру компаниясы» Қазақстан Халық банкінің еншілес сақтандыру ұйымы» акционерлік қоғамының ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді және кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру шартының (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) сақтандыру талаптарын, оны жасасу тәртібін, шартты қолдауды және орындауды реттейді.

2. Осы Ережеде төмендегідей анықтамалар пайдаланылады:

1) **Пайда алушы** – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

2) **өрескел абайсыздық** – Сақтанушының (Сақтандырылушының, олардың қызметкерлерінің) кәсіби қызметті жүргізу тәртібін және талаптарын анықтайтын лауазымдық нұсқаулықтардың, ережелердің және басқа нормативтік актілердің талаптарын бұзуы, бұл ретте Сақтанушы (Сақтандырылушы, олардың қызметкерлері) олардың жоғарыда көзделген талаптарды сақтамауы салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына зиян келтіру және (немесе) мүліктік залал (зиян) келтіруге әкеп соқтыратын оқиғалардың басталу мүмкіндігін болжауы тиіс болған талаппен, сондай-ақ Сақтанушы (Сақтандырылушы) қызметкерінің расталған кәсіби білімі мен тәжірибесі болмаған кездегі қызметі;

3) **Сақтандырылушы** – оған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

4) **Клиент (контрагент)** – Сақтанушымен (Сақтандырылушымен) кәсіби қызметті жүзеге асыруға ауызша немесе жазбаша шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға;

5) **кәсіби қызмет** – Сақтанушының (Сақтандырылушының) арнайы рұқсат (лицензия, хабарлама) негізінде жүргізетін және (немесе) арнайы білімді, тәжірибені және (немесе) біліктілікті талап ететін қызметі;

6) **кәсіби жауапкершілік** – Сақтанушының (Сақтандырылушының) кәсіби қателіктің салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және (немесе) мүліктік мүдделеріне келтірілген зиянды (залалды) өтеу бойынша жауапкершілігі;

7) **кәсіби қателік** – кәсіби қызмет барысындағы немесе нәтижесіндегі қате әрекеттер (бейәрекеттер) және (немесе) олқылықтар;

8) **ретробелсенді кезең** – Сақтандыру шартында белгіленген, Сақтандыру шартында көрсетілген, Сақтандыру шартын жасасу күнінің алдындағы күннен басталатын және Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру кезеңінің басталу сәтімен аяқталатын уақыт кезеңі;

9) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан әрекетке қабілетті жеке тұлға немесе заңды тұлға. Егер сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, Сақтанушы бір мезгілде Сақтандырылушы болып табылады;

10) **сақтандыру мүддесі** – Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) тәуекелдердің алдын алу және сақтандыру жағдайының басталуын болдырмаудағы мүліктік мүддесі;

11) **Сақтандырушы** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе оның пайдасына шарт жасасылған тұлғаға (Пайда алушыға) шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті «Халық» сақтандыру компаниясы» Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы;

12) **үшінші тұлға** – Сақтандыру шарты бойынша оның бір тарабы болып табылмайтын және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес сақтандыру жағдайының салдарынан келтірілген зиянды өтеу құқығы бар жеке және заңды тұлғалар. Бұл ретте, егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, үшінші тұлғалар деп жеке тұлғалар –

олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүліктік мүдделеріне сақтандыру жағдайы деп танылған және Сақтандыру шартында қарастырылған оқиғаның басталуы салдарынан зиян келтірілген Сақтанушының (Сақтандырылушының) клиенттері танылады.

3. Сақтандыру Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында Қазақстан Республикасының қазіргі заңнамасына сәйкес жасалған Сақтандыру шартының негізінде жүзеге асырылады.

4. Сақтандыруға Сақтанушының (Сақтандырылушының) құқыққа қарсы әрекеттері жатпайды.

5. Сақтандыру шартын жасасу кезінде тараптар осы Сақтандыру ережесінің кейбір ережелерін өзгертуі (алып тастауы) және (немесе) Сақтандыру шартын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына кереғар келмейтін басқа ережелермен толықтыруы мүмкін.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

6. Сақтандыру объектісі – Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңнамасына кереғар келмейтін, төмендегілерге байланысты мүліктік мүдделері:

1) Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандырылған кәсіби қызметін жүзеге асыру барысында Сақтанушы (Сақтандырылушы) жіберген абайсыз кәсіби қателіктің салдарынан үшінші тұлғалардың (Пайда алушының) өміріне, денсаулығына зиян келтіргені үшін жауапкершілігінің басталуы және (немесе) мүліктік мүдделеріне зиян (залал) келтіру тәуекелімен;

2) оларға зиян келтіргені үшін жауапкершіліктің басталуы өтеу тәуекелі Сақтандыру шарты бойынша сақтандырылған залалдарды және (немесе) зиянды өтеу туралы оған қойылған талаптарға байланысты Сақтанушының (Сақтандырылушының) күтпеген сот немесе басқа шығындарының туындау тәуекелімен.

Осы Ереженің аясында өтелуге жататын сот немесе басқа шығындар деп мыналар түсіндіріледі:

- істі сотта, төрелік сотта немесе коммерциялық арбитражда жүргізу кезінде Сақтанушыны (Сақтандырылушыны) қорғау шығындары, Сақтанушы (Сақтандырылушы) оған қойылған, зиянды өтеу туралы талапқа байланысты тартқан, сарапшылардың және адвокаттардың қызметтерінің ақысын қоса алғанда;

- олардың салдарынан Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) зиянды өтеу және (немесе) Сақтанушының (Сақтандырылушының) және (немесе) оның қызметкерлерінің айыптылық деңгейі туралы талап қойылған оқиғалардың жағдайын анықтау бойынша қажетті және мақсатты шығындар. Сақтанушының (Сақтандырылушының) өзінің оған қойылған талаптарды (жеке персоналының жұмысы және т.б.) қарастыру бойынша шығындары жоғарыда аталған шығындарға жатпайды және сақтандырумен өтелмейді;

- Сақтанушының (Сақтандырылушының) зиянды өтеу туралы оған талап қойылу нәтижесінде соттан тыс заңды қолдауға шығарған шығындары.

Аталған шығындар Сақтанушы (Сақтандырылушы) ондай шығындардың мөлшеріне және нысанына қатысты Сақтандырушының жазбаша келісімін алдын-ала алған кезде, сондай-ақ егер ондай шығындар зиянды өтеу туралы талапты (наразылықты, қуынымды) қабыл алмау немесе өтемнің мөлшерін азайту мақсатында жасалған болса, өтеуге жатады.

7. Сақтандырудың нақты объектісі Сақтандыру шартында көрсетіледі.

8. Осы Ереже бойынша сақтандырылған қызмет Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңнамасына кереғар келмейтін, оны жүзеге асыру барысында залалдар және (немесе) зиян келтіру жағдайына кәсіби жауапкершілігі сақтандырылатын кез келген кәсіби қызметі болуы мүмкін.

9. Егер сақтандырудың қандай-да бір бөлігінде сақтандыру өтемі, сақтандыру төлемі немесе қаржылық пайда Сақтандырушыны немесе оның органын БҰҰ-ның шешімдеріне, Қазақстан Республикасы, Еуропалық Одақ немесе АҚШ үкіметтерінің заңдары мен қаулыларына сәйкес қандай-да бір санкцияларға, тыйым салуларға немесе шектеулерге, сауда немесе экономикалық санкцияларға әкеп соқтырса, Сақтандырушы сақтандыру қорғанысын бермейді, сонымен қатар сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру үшін немесе Сақтандыру шарты бойынша кез-келген басқа қаржылық пайда алу үшін жауап бермейді.

3. САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

10. Сақтандыру тәуекелі оның басталуы жағдайына сақтандыру жүргізілетін болжалды оқиға табылады.

Сақтандыру тәуекелі ретінде қарастырылатын оқиғада төменде санамаланған белгілердің барлығы болуға тиіс:

- оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы;
- оқиғаның басталуының нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның басталу салдарынан болған залалдардың мөлшеріне қатысты болжанбайтындығы;
- оқиға Сақтандыру шартының қолданылуы шегінде сөзсіз және объективті түрде болуға тиіс, бұлар жөнінде тараптар немесе ең болмағанда, Сақтанушы көрінеу білді немесе алдын ала хабардар болды деген қауіптің болмауы;
- оқиғаның басталуында Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) мүліктік мүддесі үшін теріс, экономикалық тұрғыдан тиімсіз салдардың болуы;
- оқиғаның басталуы Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) ерік-қалауымен және (немесе) пиғылымен байланысты болмауы және пайда алу және (немесе) ұтыс алу (алыпсатарлық тәуекел) мақсатын көздемеуі.

11. Осы Ережеге сәйкес төмендегі оқиғалар сақтандыру жағдайлары болып табылады:

1) Сақтанушы (Сақтандырылушы) және (немесе) оның қызметкерлері сақтандырылған кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде жіберген және Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеу міндетіне әкеп соқтырған, абайсыз кәсіби қателігі салдарынан үшінші тұлғалардың (Пайда алушының) өміріне, денсаулығына зиян және (немесе) мүліктік мүдделеріне зиян (залалдар) келтіргені үшін ол Сақтандырушының алдын-ала келісімімен ерікті түрде мойындаған немесе күшіне енген сот шешімімен белгіленген Сақтанушы (Сақтандырылушы) жауапкершілігінің басталу фактісі, егер:

- залалдарға және (немесе) зиянға әкеп соқтырған кәсіби қателікті (ғапілдікті) Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының кезеңінде немесе Сақтандыру шартында қарастырылған басқа кезеңде (ретробелсенді/кеңейтілген кезеңде) жіберген болса;

- сақтандырылған қызметті жүзеге асыру кезінде жіберілген кәсіби қателік (ғапілдік) пен оларды өтеуге наразылық берілген залалдар және (немесе) зиян арасында себеп-салдарлы байланыс бар;

- аталған оқиға салдарынан келтірілген залалдарды және (немесе) зақымдарды өтеу туралы талапты жәбірленуші тарап Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) егер Сақтандыру шартында басқалай мерзім қарастырылмаған болса, Сақтандыру шартының қолданысы аяқталғаннан кейін 3 жылдан соң бірінші рет мәлімделген болса.

Бұл ретте Сақтанушының (Сақтандырылушының) залалдарды және (немесе) зиянды өтеу жауапкершілігінің басталу сәті болып егер ол сәтті анықтау мүмкін болмаса, онда залалдарды және (немесе) зиянды табу сәті саналады.

Кәсіби қателік – Сақтанушының (Сақтандырылушының), оның қызметкерлерінің оларды келтіргені үшін жауапкершілік тәуекелі Сақтандыру шарты бойынша сақтандырылған үшінші тұлғалардың (Пайда алушылардың) өміріне, денсаулығына және (немесе) мүліктік

мүддесіне залалдар және (немесе) зиян келтіруге әкеп соқтырған әрекеттері (бейәрекеттері), ғапiлдiгi. Сақтандырылуға жататын кәсiби қателiктердiң нақты тiзбесi Сақтанушының (Сақтандырылушының) кәсiби қызметiнiң түрiне қарай Сақтандыру шартында көрсетiледi.

2) оларды келтiргенi үшiн жауапкершiлiк тәуекелi Сақтандыру шарты бойынша сақтандырылған залалдарды және (немесе) зиянды өтеу туралы оған мәлiмделген талаптарға (қуынымға, наразылыққа) байланысты Сақтанушының (Сақтандырылушының) күтпеген сот және (немесе) басқа шығындарының туындау фактiсi, егер ондай шығындар Сақтандырушымен алдын-ала жазбаша келiсiлген болса, сондай-ақ ондай шығындар зиян келтiру туралы талапты (қуынымды, наразылықты) қабыл алмау немесе Сақтандырушының сақтандыру төлемiн жүргiзу мiндетiне әкеп соқтырған өтем мөлшерiн төмендету мақсатында жүргiзiлген болса.

12. Сақтандыру шарты осы тараудың 11-тармағының 1)-тармақшасында көрсетiлген сақтандыру жағдайына қатысты немесе осы тараудың 11-тармағының 1) және 2)-тармақшаларында көрсетiлген сақтандыру жағдайларының жиынтығына қатысты жасасылады. Сақтандыру шарты осы тараудың 11-тармағының 2)-тармақшасында көрсетiлген сақтандыру жағдайына қатысты ғана жасасылуы мүмкiн емес.

13. Егер кәсiби қателiк жiберiлген уақыт сәтiн анықтау мүмкiн болмаса, ол сәт болып мыналар саналады:

- кәсiби қателiктен тұратын жұмысты (жұмыстың тиiстi кезеңiн) Клиентке тапсыру сәтi – егер зиян кәсiби қателiктен тұратын жұмыс тапсырылғаннан кейiн келтiрiлген болса;

- залалдарды және (немесе) зиянды келтiру сәтi – егер залалдар және (немесе) зиян кәсiби қателiктен тұратын жұмыс (жұмыстың тиiстi кезеңi) тапсырылғанға дейiн келтiрiлген болса.

14. Егер кәсiби қателiктi жасау уақыты созылыққы болса, онда кәсiби қателiк жiберiлген сәт болып оны жасау басталған сәт саналады.

15. Үшiншi тұлғалардың залалдарды және (немесе) зиянды өтеу туралы талаптары деп Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) тiкелей жiберiлген жазбаша талаптар (оның iшiнде наразылық түрiнде), сондай-ақ сотқа берiлген талап қуынымдар да саналады.

16. Сақтанушының (Сақтандырылушының) қызметкерлерi деп еңбек шартының келiсiмшартының негiзде жұмыс орындаушы азаматтар танылады, егер бұл ретте олар Сақтанушының (Сақтандырылушының) тапсырмасы бойынша және оның мүддесiнде әрекет еткен немесе әрекет етуге тиiс болған болса.

17. Сол бiр кәсiби қателiкпен не кәсiби қателiктер тобымен шарттасылған залалдарды және (немесе) зиянды өтеу туралы барлық талаптар, наразылықтар, қуынымдар жәбiрленушiлердiң (Пайда алушылардың) санына қарамастан сол бiр сақтандыру жағдайына жатады; түрлi кәсiби қателiктермен шарттасылған залалдарды және (немесе) зиянды өтеу туралы талаптар, наразылықтар, қуынымдар түрлi сақтандыру жағдайына жатады.

Сол бiр кәсiби қателiкпен (не сол бiр кәсiби қателiкпен шарттасылған кәсiби қателiктер тобымен) шарттасылған залалдарды және (немесе) зиянды өтеу туралы барлық талаптар, наразылықтар, қуынымдар ондай талаптардың алғашқысы Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) алғаш қойылған сәттен бастап бiрiншi рет қойылған болып саналады.

4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДАҒЫ ШЕКТЕУЛЕР

18. Төмендегiлер салдарынан туындаған залалдар сақтандыру тәуекелдерi болып табылмайды және оның салдарынан өтелмейдi:

1) Сақтандыру шартын жасасу күнiне Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) белгiлi болған немесе белгiлi болуы тиiс болған фактiге, ахуалға, жағдайға, кәсiби қателiкке (ғапiлдiкке) байланысты туындаған залалдарды/зиянды өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар);

2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) немесе оның қызметкерінің немесе Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандырылған қызметті жүзеге асыру үшін тартқан басқа тұлғалардың қасақана қандай да бір заңды, нормативтік актіні, салалық ережені бұзып жасаған немесе қасақана, әдейі, алаяқтық, қылмыстық әрекеттеріне (бейәрекеттеріне) негізделген және олардың салдарынан туындаған немесе сақтандырылған қызметті алкогольмен, уытпен немесе есірткімен мас күйінде жүзеге асыруы кезіндегі кез келген әрекеттері салдарынан болған залалдарды/зиянды өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар) Сақтанушының (Сақтандырылушының), оның қызметкерлерінің қасақана, әдейі жасаған, алаяқтық, қылмыстық әрекеттері (бейәрекеттері) заңды күшіне енген соттың шешімімен белгіленеді;

3) Сақтанушының кез келген айыппұлдарды, өсімпұлды және айыппұл ықпалшараларының сипаты бар басқа төлемдерді төлеу жөніндегі, сондай-ақ егер ол Сақтанушы (Сақтандырылушы) мен Клиент (контрагент) арасындағы шартта тікелей қарастырылмаған болса, туындамайтын, Сақтанушы (Сақтандырылушы) өзіне шарт бойынша ондай жауапкершілікті қабылдауынан ғана туындаған ақы төлеу міндеті бойынша кез келген өтемақыларды төлеу міндеттері;

4) Сақтанушының (Сақтандырылушының) кепілдік міндеттемелеріне байланысты кез келген залалдары, Сақтанушының (Сақтандырылушының) өзі көрсеткен қызметтерінің (орындаған жұмыстарының) ақысының құнын кері қайтаруға байланысты шығындары, Сақтанушының (Сақтандырылушының) өздері жіберген кәсіби қателіктерін түзетуге немесе орындалған жұмыстарды (көрсеткен қызметтерді) қайта жасауға байланысты шығындары;

5) Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының (егер ол Сақтандыру шартында тікелей қарастырылған болса, басқа мемлекеттің) қолданыстағы заңнамасында қарастырылған, сақтандырылған кәсіби қызметімен айналысуға құқық беретін құжаттарында мазмұндалмаған Сақтанушының (Сақтандырылушының) қызметіне немесе Қазақстан Республикасының (егер ол Сақтандыру шартында тікелей қарастырылған болса, басқа мемлекеттің) қолданыстағы заңнамасына, кодекстерге, стандарттарға, техникалық нормаларға және ережелерге сәйкес сақтандырылған кәсіби қызметі шегінде әдетте орындайтын кәсіби міндеттерінің шегінен шығатын қызметіне байланысты туындайтын залалдарды/ зиянды өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар);

6) Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандыру шарты бойынша сақтандырылған болып табылмайтын қызметіне байланысты туындайтын залалдарды/ зиянды өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар);

7) Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру аумағының шегінен тыс жүзеге асырылған, сақтандырылған кәсіби қызметіне байланысты туындайтын залалдарды/ зиянды өтеу туралы кез келген талаптар (қуынымдар, наразылықтар);

8) Сақтандыру шартында көзделгеннен бөлек мемлекеттің заңнамасына сәйкес мәлімделгенмен байланысты туындайтын залалдарды/ зиянды өтеу туралы кез келген талаптар (қуынымдар, наразылықтар);

9) ол мүлікке меншік құқығын немесе жалдау құқығын жоғалтуына байланысты немесе ол мүлікке меншік құқығын немесе жалдау құқығын мемлекеттік тіркеу мүмкіндігінің болмауынан жылжымайтын мүліктің құнын толықтай немесе ішінара өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар);

10) оны банкрот деп тану туралы өтінішті сот мәмілені жасасқанға дейін немесе одан кейін негізді деп таныған (банкрот алды мәміле), жеке тұлға (жұбайы) жасаған бәсекелестік масса құрамында болуы мүмкін мүлікті иеліктен шығаруға бағытталған, жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілесін соттың әрекетсіз деп тануына байланысты өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар);

11) Сақтанушының (Сақтандырылушының) кәсіби қызметін орындағаны үшін аванспен төленген ақша қаражатын, оның ішінде, жылжымайтын мүлікті сату-сатып алу мәмілесі бойынша Сақтанушыға (Сақтандырылушыға), Сақтанушының (Сақтандырылушының) контрагентіне, осы мәміленің контрагенттеріне, оның ішінде, аккредитив ашу, банктегі ұяшыққа, нотариустың депозитіне енгізу арқылы енгізілген ақша қаражаттарын кері қайтару туралы өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар), егер сатып алу-сату мәмілесі өтпесе;

12) Сақтанушының (Сақтандырылушының), жобаны іске асыруға тартылған Клиенттің және (немесе) мердігерлердің, қосалқы мердігерлердің, кредит ұйымының өздерінің міндеттерін орындамауы, қаржылық дәрменсіздігі, банкротқа ұшырауына байланысты кез келген залалдар;

13) Клиенттің инвестициялық тәуекелдерінен, Клиенттің күткен кірісін, қаржылық нәтижелерін алмауынан туындайтын залалдарды өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар); материалдарды, сметалық шығындарды нормадан тыс пайдаланудан, ол нормалар мен шығындарды бұрыс анықтаудан, еңбекті қорғау талаптарын бұзудан туындаған талаптар;

14) Сақтанушының (Сақтандырылушының) міндеттерді орындау, құжаттарды дайындау және ұсыну, оның ішінде, мемлекеттік органдарға, орындалған жұмыстарды (көрсетілген қызметтерді) қабылдау-тапсыру актілерін тапсыру мерзімдерін сақтамауына байланысты туындайтын залалдарды/зиянды өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар);

15) Сақтанушының (Сақтандырылушының), олардың қызметкерлерінің, сақтандырылған кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін расталған (жеткілікті) біліктілігінің болмауынан жіберілген кәсіби қателіктерден туындаған залалдарды/зиянды өтеу туралы талаптар.

Расталған (жеткілікті) біліктілік болып Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) кәсіби қызмет ережелеріне, оның ішінде өздігінен реттелетін ұйымдар бекіткен, біліктілік аттестаттарына және т.б. қоса алғанда, сәйкес талап етілетін біліктілік табылады.

16) залалдарды, кез келген түрдегі зиянды, шығындарды туралы өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар), мейлі ол даталардың өзгеруіне, оның ішінде кібісе жылдың есептеулерін өзгертуге байланысты есептеулердің, есептің, салыстырманың, айырудың немесе ақпараттарды басқаша өңдеудің тікелей немесе жанама себептері болып табылатын немесе оларға байланысты ескерту немесе қалпына келтіру сипатында болса да;

17) моральдық зиянды өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар) (егер моральдық зиянды өтеу Сақтандыру шартында тікелей қарастырылмаған болса);

18) іскерлік бедел залалын өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар) (егер іскерлік беделінің залалын өтеу Сақтандыру шартында тікелей қарастырылмаған болса);

19) уыстан шығарылған пайданы және (немесе) басқалай жанама залалдарды өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар) (егер уыстан шығарылған пайданы және (немесе) басқалай жанама залалдарды өтеу Сақтандыру шартында тікелей қарастырылмаған болса);

20) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сеніп тапсырылған немесе оның басқаруындағы немесе сақтауындағы ақпараттардың кез келген таратушысының, жазбаша, баспа немесе немесе кез келген басқа тәсілмен шығарылған құжаттың, сондай-ақ компьютерлік әдіспен, дерекқорда жинақталған ақпараттың жоғалуына немесе опат болуына байланысты туындайтын залалдарды/зиянды өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар) (егер аталған шығындарды өтеу Сақтандыру шартында тікелей қарастырылмаған болса);

21) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) кәсіби қызметін жүзеге асыру бөлігіне қатысты мемлекеттік билік органдарының, жергілікті басқару немесе Қазақстан Республикасының басқа құзіретті органдарының нұсқауына, ұйғарымына, талаптарына байланысты туындайтын залалдарды/зиянды өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар);

22) Сақтанушы (Сақтандырылушы) өзінің Клиенттері атынан жасасқан немесе олармен Сақтанушының (Сақтандырылушының) ұсынымы бойынша инвестициялау, салымдар,

қаржыландыру, несие беру немесе сақтандыру туралы шарттар жасасқан банктің, басқа қаржы мекемесінің немесе коммерциялық кәсіпорынның, қордың не заңды тұлғаның немесе азаматтың дәрменсіздігіне байлаанысты туындаған залалдарды/зиянды өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар);

23) сот тәртібімен әрекетсіз деп танылған қаражат міндеттемесі бойынша залалдарды/зиянды өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар);

24) олардың себебі сақтандырылған кәсіби қызметті жүзеге асыру сәтінде ғылым мен техниканың жағдайын есепке ала отырып, анықталуы мүмкін болмаған кәсіби қателік табылған залалдар;

25) қандай да бір кепілгерлікке және/немесе кепілдікке жатқызылуы мүмкін талаптар;

26) оның лауазымды тұлға, директор, акционер ретіндегі мәртебесінен немесе сипатынан ғана туындайтын Сақтанушының (Сақтандырылушының) кез келген әкімшілік, жалпы азаматтық немесе басқалай жауапкершілігі;

27) қандай да бір тұлға немесе ұйым қандай да бір тұлғаға немесе ұйымға қарсы қойған залалдарды/зиянды өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар):

- Сақтанушының (Сақтандырылушының) тікелей немесе жанама иелігіндегі, Сақтанушы (Сақтандырылушы) бақылайтын немесе басқаратын;

- Сақтанушы (Сақтандырылушы) иеленетін, бақылайтын немесе басқаратын;

- оларға қатысты Сақтанушы (Сақтандырылушы) серіктес, кеңесші немесе қызметші болып табылатын, егер ондай талап қуыным Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан), оның көмегінен, қатысуынан, араласуынан немесе делдалдығынан тәуелсіз арандатылмаған және қойылмаған болса ғана;

28) Сақтанушы (Сақтандырылушы) өзімен туыстық қарым-қатынастағы кез келген тұлғаға кәсіби қызметтерді көрсетуінен туындаған залалдар;

29) Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандырылған кәсіби қызметті үкіметтік органға, оның бөлімшелеріне немесе агенттікке көрсетуіне қарай қызметші болып саналатын жағдайларды қоспағанда, Сақтанушының (Сақтандырылушының) сайланатын мемлекеттік лауазымды тұлға немесе үкіметтік орган қызметшісі ретіндегі қызметіне байланысты туындайтын залалдарды/зиянды өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар);

30) бір Сақтандыру шартының аясында бір Сақтанушы (Сақтандырылушы) екінші Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) залалдарды/ зиянды өтеу туралы талаптары (қуынымдары, наразылықтары) (тоғыспалы жауапкершілік), егер Сақтандыру шартында мұндай жауапкершілікті сақтандыру тікелей қарастырылмаған болса;

31) аренда, лизинг, жауапты басқару, сақтау Сақтанушының (Сақтандырылушының) кәсіби қызметі аясында жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, Сақтанушының (Сақтандырылушының) меншігіне, арендаға, лизингіге, жауапты басқаруға, сақтауға алған мүлкіне зақым немесе залал келтірілуіне байланысты залалдарды/ зиянды өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар);

32) нақты немесе болжалды жала немесе басқа беделін түсіруші, жаманатқа қалдыратын материалдарға байланысты туындайтын залалдарды/зиянды өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар);

33) табиғи құбылыстардың, атап айтқанда, жердің сілкінуі, жанартаудың атқылауы немесе жер асты отының қозғалуы, көшкін, таудың опырылуы, тастардың құлауы, сел, боран, құйын, дауыл, қара құйын, цунами, теңіз дауылы, су тасқыны, су тасу, су басу, бұршақ, нөсер, кенеттен опырылуы, топырақтың отыруы; метеориттердің, басқа ғарыш нәрселерінің құлауы; ұшатын аппараттардың, олардың сынықтарының, жүктің бір бөлігінің құлауы; басқа тежеусіз күш жағдайлары, яғни, тараптар үшін аталған жағдайларда төтенше және еңсерілмейтін жағдайлар салдарынан туындаған залалдарды/зақымдарды өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар);

34) Сақтанушының (Сақтандырылушының) коммерциялық ақпараттың құпиялылығын сақтамауына байланысты залалдарды/зақымды өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар);

35) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген, пайдалану және (немесе) басқалай қолдану жауапкершілігіне байланысты залалдарды/зақымды өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар):

а) ұшақтарды, тікұшақтарды немесе басқа басқарылатын немесе басқарылмайтын ұшатын аппараттарды;

б) теңіз, су көлігі немесе басқа суда жүзетін объектілерді;

в) қоғамдық жолдарға тек ресми тіркелген жағдайда қозғалысқа жіберілетін және мемлекеттік тіркеу нөмірлері болуы тиіс авто және мотокөлік құралдарын;

г) осы тараудың 18-тармағы 35)-тармақшасының а) – в)-тармақшаларында көрсетілмеген, аса қауіпті құрал көздерін;

36) атмосфераны, суды немесе топырақты ластау салдарынан тікелей немесе жанама не ішінара туындайтын, кез келген түрдегі жауапкершілік салдарынан болған залалдарды/зиянды өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар). Залалдар (зиян) егер жоғарыда көзделген әсер кенеттен және кездейсоқ (апатты) болса және қоршаған ортаны ластауға байланысты шығындарды өтеу Сақтандыру шартында тікелей қарастырылған болса, өтелуге жатады;

37) тұрақты, ұдайы немесе ұзақ уақыт бойғы термикалық әсердің немесе газдардың, будың, сәуленің, сұйықтықтың, ылғалдың, оның ішінде, атмосфералық емес жауындардың (ыс, күйе, түтін, шаң және т.б.) салдарынан туындайтын залалдарды/зиянды өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар). Залалдар (зиян) егер жоғарыда көзделген әсер кенеттен және кездейсоқ (апатты) болса және ондай шығындарды өтеу Сақтандыру шартында тікелей қарастырылған болса, өтелуге жатады;

38) асбест шаңының, асбесттің, диэтилстирол, диоксин, семсер тәрізді формальдегид; қорғасын, PBDE пентабромдифенилэфир, OBDE ктабромдифенилэфир, TBT трибутилолово, атразин, PFOS перфтороктансульфонат, қорғасынды бояу, MTBE метилтретбутилды эфир, Стокгольм конвенциясының анықтамасы бойынша тұрақты органикалық ластаушы заттар, PCB полихлорбифенил, CCA хромды арсенат мысынан тұратын кез келген құрылыс және қосымша материалдардың салдарынан болатын кез келген залалдар, зақым;

39) арамзалы бәсекенің нақты немесе болжалды фактілеріне, патенттік немесе авторлық құқықты нақты немесе болжалы бұзу фактілеріне, сондай-ақ тіркелген сауда, фирмалық тауар белгілерін, символдарын және атауларын рұқсатсыз пайдалану фактілеріне негізделген немесе туындайтын талаптар;

40) олардың еңбек шарттарында қарастырылған міндеттерін орындауы кезінде Сақтанушыда (Сақтандырылушыда) жұмыс жасайтын тұлғаларға келтірілген залалдар (зиян);

41) түгендеу жүргізу кезінде анықталған, бар мүлікті немесе оның бөлігін алаяқтық, бопсалаушылық жолмен меншіктеу, жұмсап қою, бұзбай ұрлау, мүліктің жетіспеушілігі салдарынан туындайтын залалдарды (зиянды) өтеу туралы талаптар (қуынымдар, наразылықтар).

19. Сақтандыру шартында сақтандырылған кәсіби қызметтің ерекшеліктеріне қарай осы тараудың 18-тармағында көзделген ерекшеліктердің қысқартылған немесе кеңейтілген тізбесі қарастырылуы мүмкін.

20. Сақтандырушы мына жағдайларда сақтандыру өтемін төлеуден босатылады:

1) сақтандыру жағдайы ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті ластану; әскери әрекеттер, сондай-ақ маневрлер немесе басқа әскери әрекеттер; азаматтық соғыстар, кез

келген түрдегі халықтық толқулар немесе ереуілдер (егер заңнамада немесе сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса) салдарынан болған жағдайда;

2) мемлекеттік органдардың өкімі бойынша мүлікті алып алу, тәркілеу, реквизициялау, тұтқындау немесе құрту салдарынан туындайтын залалдар үшін;

3) егер сақтандыру жағдайы Сақтанушының, Пайда алушының немесе Сақтандырылушының қасақана әрекеті салдарынан басталса, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда;

4) Сақтанушы (Сақтандырылушы) болжалды залалды азайту үшін орынды және қолжетімді шараларды қасақана қабылдамауы салдарынан туындаған залалдар бөлігінде;

5) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға өзінің талап құқығынан бас тартса немесе ол құқықты жүзеге асыру Сақтанушының (Сақтандырылушының) кінәсі бойынша мүмкін болмаса, Сақтандырушы сақтандыру өтемін толықтай немесе тиісті бөлігінде өтеуден босатылады және артық төленген өтемнің сомасын кері қайтаруды талап етуге құқылы.

21. Сақтандыру шартында осы тарауда аталып өткендерден басқа сақтандыру жағдайының ерекшеліктері және (немесе) сақтандыруды шектеу жағдайлары қарастырылуы мүмкін.

5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ. ФРАНШИЗА

22. Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

23. Сақтандыру сомасы Сақтандыру шартында тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

24. Сақтандыру шартында Сақтандырушының жауапкершілік лимиттері белгіленуі мүмкін:

1) әрбір сақтандыру жағдайына қатысты;

2) әрбір жәбірленушіге қатысты;

3) зиянның әрбір түріне немесе ол түрлердің тобына қатысты, оның ішінде, бір жәбірленушіге немесе бір сақтандыру жағдайы бойынша.

25. Франшиза – сақтандыру талаптарында қарастырылған, Сақтандырушыны сақтандыру шарттарында қарастырылған белгілі бір мөлшерден аспайтын зиянды өтеуден босату. Сақтандыру шартында шартты және шартсыз франшиза белгіленуі мүмкін.

26. Шартты франшизада Сақтандырушы белгіленген франшиза мөлшерінен аспайтын зиянды өтеуден босатылады, бірақ егер оның мөлшері осы сомадан асып кетсе, залалды толық көлемде өтеуге міндетті. Шартсыз франшизада келтірілген залал барлық жағдайларда белгіленген сома шегерілгеннен кейін өтеледі.

27. Қолданылатын франшизаның түрі мен мөлшері Сақтандыру шартында белгіленеді.

6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ. ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ

28. Сақтандыру сыйлықақысы – Сақтанушының Сақтандырушыға, соңғысы Пайда алушыға Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттемелер қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.

29. Сақтандыру шарты бойынша төленуі тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісін және сақтандыру тәуекелінің сипатын сепке ала отырып, сақтандыру сомасының бірлігінен алынатын, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін анықтайтын сақтандыру тарифіне сәйкес есептеледі.

30. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын Қазақстан Республикасының валютасымен төлейді.

31. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда сақтандыру сыйлықақысы шетел валютасымен төленуі мүмкін (валюталық баламада).

32. Сақтандыру сыйлықақысы бір уақытта немесе бөліп-бөліп төленеді, аударыммен немесе қолма-қол ақшамен төленеді (Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес).

Сақтандыру сыйлықақысын төлеудің тәртібі мен мерзімі Сақтандыру шартында белгіленеді.

33. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе (тараптардың өзге шарттар туралы жазбаша келісімі болмаса), Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) Сақтандыру шартында көрсетілген мерзімде уақтылы төлемеген жағдайда, Сақтандырушы:

1) сақтандыру сыйлықақысы (кезекті сақтандыру жарнасы) төленбеген күннен бастап біржақты тәртіпте Сақтандыру шартын бұзуға;

2) егер сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға оны енгізу мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы төленгенге дейін (кезекті сақтандыру жарнасы) болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға;

3) егер сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға оны енгізу мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы төленгенге дейін (кезекті сақтандыру жарнасы) болса, сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтаған кезде, мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысының (кезекті сақтандыру жарнасының) сомасы шегеріледі.

34. Сақтандыру шарты 1 (бір) жылдан кем мерзімге жасалған кезде, сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру шартының іс жүзінде әрекет еткен күндер саны үшін (про-рата) не жылдық сақтандыру сыйлықақысынан проценттік қатынаста (бұл ретте толық емес ай толық ай ретінде есептеледі) есептеледі:

Мерзімі, айлар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Жылдық сақтандыру сыйлықақысынан %	20	30	40	50	60	70	75	80	85	90	95

7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

35. Сақтанушы:

1) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандырушы туралы ақпарат алуға;

2) осы Ережемен танысуға, Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, оның Сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге, осы Ереженің көшірмесін алуға;

3) Сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда, оның телнұсқасын алуға;

4) Сақтандырушының сақтандыру жағдайын тергеу барысымен танысуға;

5) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін алуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Ережеде және Сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

7) Сақтандырушының сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен наразылық білдіруге құқылы.

36. Сақтанушы:

1) Сақтандыру шартын жасасқан кезде, Сақтандырушыға өзіне белгілі болған барлық жағдайлар туралы, сақтандыру жағдайының ықтималдығын және оның туындауынан болатын шығындардың мөлшерін айқындау үшін хабарлауға;

2) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;

- 3) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабарлауға;
- 4) осы Ереженің және Сақтандыру шартының талаптарын орындауға;
- 5) Сақтандырылушыны сақтандырудың шарттарымен таныстыруға міндетті. Сақтандырылушының Сақтандыру шартының талаптарын бұзуы оларды Сақтанушының бұзуы ретінде қарастырылады;
- 6) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде және (немесе) оның салдарынан сақтандыру жағдайы басталуы мүмкін оқиға басталған кезде ол туралы Сақтандырушыны хабардар етуге және осы Ережеде және Сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және мерзімде қажетті іс-әрекеттерді жасауға;
- 7) осы Ереженің 10-тарауына және Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес, сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауға Сақтандырушыға барлық қажетті және қажетті құжаттарды ұсынуға;
- 8) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығын беруді, оның ішінде мұндай құқықты іске асыру үшін қажетті құжаттарды ұсынуды қамтамасыз етуге;
- 9) Сақтандыру шартының талаптары мен сақтандыру сыйлықақылары мен төлемдерінің мөлшері туралы құпиялылықты сақтауға;
- 10) сақтандыру жағдайынан болған залалды азайту жөнінде шаралар қолдануға;
- 11) Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған жағдайларда белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер мұндай өзгерістер Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімінде сақтандыру тәуекелінің артуына айтарлықтай әсер етуі мүмкін болса, дереу хабарлауға міндетті.

37. Сақтандырушы:

- 1) Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі ішінде сақтандыру тәуекелінің жай-күйін, оның Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы берген ақпаратқа сәйкестігін тексеруге;
- 2) сақтандырылған мүлікті құтқару шығындарын азайту іс-шараларына қатысуға құқылы. Бұл ретте Сақтандырушының аталған іс-шараларға қатысуы оқиғаның сақтандыру жағдайы ретінде танылуын растамайды;
- 3) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен жағдайларын дербес анықтауға, оның ішінде сақтандырылған мүлікті қарап шығу және келтірілген залалдың мөлшерін анықтау бойынша әрекеттер;
- 4) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан өз құзыреті негізінде, сақтандыру жағдайының басталуын және келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 5) сотқа дербес талап қоймайтын үшінші тұлға ретінде қатысуға;
- 6) Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау себептері мен жағдайларын, осы Ережелердің 10-тарауында және сақтандыру шартында көрсетілген зиянның мөлшерін анықтау үшін қажетті құжаттарды талап етуге;
- 7) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру туралы шешімді құзыретті органдардың деректері мен құжаттары негізінде барлық жағдайлар анықталғанға дейін Сақтанушыға Сақтандыру шартында көзделген тәртіпте және мерзімде жазбаша хабарлама жіберіп, кейінге шегеруге;
- 8) осы Ережеде, Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуға немесе Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) жазбаша хабарлама жіберу арқылы оқиғаны сақтандыру жағдайы деп танымауға;
- 9) залал келтіру үшін жауапты тұлғаға кері талап құқығын қоюға;
- 10) Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандыру шартының талаптарын бұзған жағдайда Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

38. Сақтандырушы:

1) Сақтанушыны сақтандырудың шарттарымен таныстыруға және оның талабы бойынша осы ереженің көшірмесін беруге;

2) сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны дереу, ондай хабарламаны алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде тіркеуге;

3) сақтандыру жағдайы басталған кезде, осы Ережеде және Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;

4) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру жағдайы туындаған кезде шығынды азайту үшін шеккен ақылға қонымды және орынды шығыстарын өтеуге;

5) Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе жәбірленуші (Пайда алушы) немесе олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, оларға Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде жоқ құжаттар туралы хабарлауға;

б) сақтандырудың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

39. Тараптардың осы тарауда мазмұндалған құқықтары мен міндеттерінің тізбесі түпкілікті болып табылмайды. Сақтандырушының, Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Ережеде, Сақтандыру шартында белгіленген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ КЕЗЕҢІНДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІН ҰЛҒАЙТУДЫҢ САЛДАРЫ

40. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) дереу, бірақ ол белгілі болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарлаған жағдайлардағы елеулі өзгерістер туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

41. Кез келген жағдайда келесі өзгерістер маңызды болып танылады:

1) көрсетілетін кәсіби қызметтердің көлемі (түсім) өткен жыл үшін Сақтандыру шартын жасасуға берілген өтініште көрсетілгеннен 25 (жиырма бес) %-ке артып кетсе, егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандыру шартын жасасу кезінде мұндай көбею болжамы туралы мәлімдемеген болса; немесе көрсетілетін кәсіби қызметтердің көлемі Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандыру шартын жасасу кезінде мәлімдеген болжаммен салыстырғанда 25 (жиырма бес) %-ке артып кетсе. Бұл ретте түсім сақтандыру кезеңінің басталу күні жататын есепті жылдың басынан өспелі жиынтығымен есептеледі;

2) кәсіби қызметтің Сақтандыру шартын жасасуға берілген өтініште мәлімделгенмен салыстырғанда өзгеруі;

3) сақтандыру аумағының өзгеруі;

4) Сақтанушы (Сақтандырылушы) қызметкерлерінің еңбек өтілінің Сақтандыру шартын жасасуға берілген өтініштегіден орташа алғанда 1(бір) жылға дейін төмендеуі;

5) лицензияның, рұқсаттың, сертификаттың, біліктілік аттестатының және/немесе Сақтанушыға кәсіби қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік берген басқа рұқсат етуші құжаттың кері қайтарылуы, тоқтаты тұрылуы, тоқтатылуы (егер ондай лицензияның, рұқсаттың, сертификаттың, аттестаттың болуы сақтандыру аумағы болып табылатын елдің заңнама талаптарына сәйкес кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін міндетті болатын болса).

42. Сақтандыру тәуекелінің артуына әкелетін жағдаяттар туралы хабардар болған Сақтандырушы, Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына сәйкес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

Егер Сақтанушы немесе Сақтандырылушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында қарастырылған нормаларға сәйкес Сақтандыру шартының бұзылуын талап етуге құқылы.

43. Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы тараудың 40-тармағында қарастырылған міндеттемелерді орындамаса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және оның бұзылуынан келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

44. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына себеп болатын жағдайлар жойылып кетсе, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

9. САҚТАНУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕГІ ӘРЕКЕТТЕРІ

45. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) салдары сақтандыру жағдайы басталуы мүмкін оқиға туындаған кезде Сақтанушы (Сақтандырылушы) міндетті:

1) мүмкіндігінше тезірек, бірақ кез-келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) салдары Сақтандырушының сақтандыру төлемі бойынша міндетінің туындауы болуы мүмкін барлық оқиға туралы білген немесе білуі керек болған сәттен бастап ол туралы Сақтандырушыға орын алған оқиғаның орнын, уақытын және жағдайларын көрсетіп, хабарламаны жөнелту күнін белгілеуге мүмкіндік беретін кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлауға;

2) олардың күзіретінен шыға отырып, тиісті органдарға сақтандыру жағдайының белгісі бар оқиғаның басталғаны туралы дереу хабарлауға және оқиғаның құжатты түрде ресімделуін қамтамасыз етуге;

3) дереу Сақтандырушыға орын алған оқиғаға байланысты оған қойылған кез келген талаптар (үшінші тұлғалардың наразылықтары, сотқа шақыру, талап қуыным, қылмыстық іс қозғауға себеп пен негіздемелердің болуы) туралы хабарлауға;

4) сақтандыру жағдайының себептерін, барысын және оның салдарын анықтау үшін, сондай-ақ Сақтандырушының зақымдалған мүлікті қарап шығуға және келтірілген зиян мөлшерін белгілеуге қатысуы үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға;

5) егер Сақтандырушы Сақтандырушымен қатар Сақтанушының да мүдделерін қорғау үшін өзінің уәкілетті тұлғаларын тағайындау қажет деп тапса, Сақтандырушы көрсеткен тұлғаларға сенімхат және сақтандыру жағдайымен байланысты қажетті құжаттарды беруге;

б) егер Сақтанушының (Сақтандырылушының) талап бойынша соттың істі қарауын тоқтатуын немесе қуыным талаптарының мөлшерін азайтуды талап етуге мүмкіндігі болса, ол туралы Сақтандырушыға хабарлауға және талап бойынша өндірісті тоқтату немесе қуыным талаптарының мөлшерін азайту бойынша барлық қолжетімді шараларды қабылдауға;

7) Сақтандырушының келісімінсіз өтемақыларды төлемеуге, сақтандыру жағдайымен байланысты талаптарды, сондай-ақ ондай талаптарды реттеу бойынша қандай да бір тікелей немесе жанама міндеттемелерді толықтай не ішінара қабылдамауға;

8) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу жағдайларымен байланысты және сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді беруге;

9) Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға талап құқығын қоюы үшін қажетті барлық әрекеттерді жасауға, оның ішінде, қажетті құжаттарды тапсыруға;

10) орын алған жағдайда сақтандыру жағдайының алдын алу мақсатында орынды және қолжетімді шараларды қабылдауға міндетті. Тиісті шараларды қабылдай отырып, Сақтанушы (Сақтандырылушы) егер оған Сақтандырушы хабарлаған болса, оның нұсқауларын орындауы тиіс.

46. Пайда алушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы барлық жағдайларда, Сақтанушы немесе Сақтандырылушы оны жасаған-жасамағанына қарамастан, хабарлауға құқылы.

47. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу, егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгені дәлелденбеген болса немесе Сақтандырушыда бұл туралы ақпарат болмаса, оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер етуі мүмкін болса, сақтандыру төлемінен бас тартуға құқық береді.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ТУЫНДАҒАНЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫН КӨЛЕМІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

48. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талапты Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) Сақтандырушыға осы талапты растайтын құжаттарды қолдана отырып, жазбаша нысанда ұсынады.

49. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішке келесі құжаттар қоса беріледі:

- 1) Сақтандыру шартының түпнұсқасы және (немесе) көшірмесі (оның телнұсқасы);
- 2) жәбірленушінің келтірілген зиянды және оның мөлшерін растайтын құжаттар бірге тіркелген, зиянды өтеу туралы талабы немесе талап қуынымның көшірмесі, Сақтандыру шартында қарастырылған зиянды келтіру жағдайына байланысты өтелуге жататын сомалардың мөлшері мазмұндалған сот актісінің көшірмесі (егер сақтандыру жағдайы сот тәртібімен реттелетін болса);
- 3) құзыретті органдардың сақтандыру жағдайының басталу фактісін және жағдайларын растайтын, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылушының) жауапкершілігін белгілеуге мүмкіндік беретін құжаттары;
- 4) Пайда алушының жеке куәлігінің көшірмесі (жеке тұлға үшін) немесе заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхаттың түпнұсқасы;
- 5) медициналық мекеменің алғашқы медициналық көмек көрсеткені туралы анықтама, жұмысқа жарамсыздық парағы, мүгедектік белгіленген жағдайда – мүгедектіктің тобын тағайындау туралы медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының (МӘСК) қорытындысы, жәбірленуші қайтыс болған жағдайда – қайтыс болу туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі;
- 6) болған кезде – тергеу немесе сот органдарының құжаттарының көшірмелері;
- 7) сақтандыру төлемін аудару үшін Пайда алушының банктік деректемелері.

50. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының мәртебесі туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттардың тізбесін өзі қысқартуға және Сақтандырушының пікірі бойынша аталған шешімді қабылдау үшін жеткілікті құжаттармен шектелуге құқылы.

51. Жекелеген жағдайларда Сақтандырушы, егер олардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактісін анықтауға және шығын мөлшерін анықтауға мүмкіндік бермесе немесе сақтандыру жағдайы туралы қосымша ақпарат қажет болса, Ереженің осы бабында көрсетілмеген басқа құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы.

52. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізімін және олардың қабылданған күнін көрсете отырып анықтама беруге міндетті. Куәліктің бір данасы өтініш берушіге беріледі, екінші данасы өтініш берушінің белгісімен бірге Сақтандырушыда қалады. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талабын электронды нысанда жіберген жағдайда Сақтандырушы оған анықтаманы электронды түрде беруге құқылы.

53. Егер Сақтанушы, Сақтандырылушы немесе Пайда алушы болып табылатын басқа тұлға сақтандыру төлемін жүзеге асыру мәселесін қарау үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаса, Сақтандырушы Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде өтініш берушіге жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға міндетті.

11. ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ

54. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан жәбірленушіге келтірілген нақты залалдың шегінде, бірақ франшизаны (бар болғанда) есепке ала отырып, Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан (Сақтандырушы жауапкершілігінің лимитінен) артық емес мөлшерде төленеді. Өтеуге сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан келтірілген тікелей мүліктік залал ғана жатады.

55. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, сақтандыру төлемінің сомасынан Сақтанушы Қазақстан Республикасындағы кез келген сақтандыру компаниясымен жасасқан, жауапкершілікті міндетті сақтандыру шарты бойынша үшінші тұлға-жәбірленушілерге төленуі тиіс сомалар шегеріледі.

56. Жәбірленушілердің өміріне және денсаулығына зиян келтірілген жағдайда сақтандыру төлемінің мөлшері тараптардың келісімі бойынша, Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасының нормаларына сәйкес анықталады және Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан (Сақтандырушы жауапкершілігінің лимитінен) артық болмайды. Егер Сақтандыру шартында бір жәбірленушінің өміріне және денсаулығына зиян келтіру бойынша сақтандыру сомасы (жауапкершілік лимиті) белгіленбеген болса, жәбірленушіге келтірілген залал мөлшері соттың шешімі бойынша белгіленеді.

57. Мүліктің ішінара зақымдалуы кезінде зиянның мөлшері оны қалпына келтіру шығыстарының мөлшерінде анықталады; мүлік толық опат болған кезде – пайдалануға немесе өткізуге жарамды қалдықтарының құны шегеріліп, амортизациялық тозуы есепке алынып, сақтандыру жағдайы күнгі оның нарықтық құны мөлшерінде, бірақ сақтандыру сомасынан (Сақтандырушы жауапкершілігінің лимитінен) артық емес. Егер бірнеше жәбірленушіге келтіріліп, залалдың жалпы мөлшері сақтандыру сомасынан артық болатын болса, онда сақтандыру төлемі әрбір жәбірленушіге оған келтірілген залалдың барлық жәбірленушілерге келтірілген залалдың жалпы мөлшеріне пропорционалды бөлігінде төленеді. Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі ішінде басталған барлық сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерінің мөлшері Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан артық болмайды.

58. Егер жазбаша келісіммен және сот анықтаған және Сақтандырушымен келісілген мөлшерде Сақтанушы (Сақтандырылушы) келтірілген зиянды өзі өтеген болса, онда сақтандыру төлемі Сақтанушыға (Сақтандырылушыға), ол жәбірленушінің Сақтанушыға талап қоюдан тиісінше ресімделген бас тартуын және осы Ережеде көрсетілген, сақтандыру жағдайының басталғанын және залалдардың мөлшерін растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда, төленеді.

59. Сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін Сақтандырушы егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, төленген сақтандыру төлемінің мөлшеріне азайтылған сақтандыру сомасының мөлшерінде жауапкершілікте болады.

60. Сақтанушы (Сақтандырылушы) залалдардың алдын алу немесе оларды азайту мақсатында тартқан шығындар, егер ондай шығындар қажет болған болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жасалған болса, тіпті тиісті шаралар сәтсіз болса да, Сақтандырушының өтеуіне жатады. Мұндай шығындар нақты мөлшерінде, алайда, сақтандыру төлемінің жалпы сомасы мен шығындардың өтемі Сақтандыру шартында қарастырылған сақтандыру сомасынан (жауапкершіліктің шекті көлемінен) артпайтындай, сондай-ақ Сақтандырушыға ондай шығындарды растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда, өтеледі.

12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

61. Егер Сақтандыру шартында өзгеше мерзім көзделмесе, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішті осы Ереженің 10-тарауымен реттелген барлық құжаттарды алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды.

62. Сақтандырылған оқиға сақтандыру жағдайы деп танылғаннан кейін Сақтандырушы Пайда алушыға Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде сақтандыру төлемін төлейді.

63. Сақтандыру төлемінен бас тартқан жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шартында белгіленген мерзім ішінде Сақтанушыға (Пайда алушыға) жазбаша нысанда бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесімен хабарлайды.

64. Егер тиісті құзыретті органдар сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соқтырған мән-жайлар бойынша қылмыстық іс қозғаған немесе әкімшілік тергеу бастаған жағдайда, Сақтандырушы қылмыстық іс бойынша заңды негізіндегі күші бар үкім қабылданғанға немесе тергеудің аяқталуына және Сақтандырушыға тиісті құжаттардың ұсынылуына дейін, өтініш берушіге жазбаша хабарлама жіберіп, сақтандыру төлемі туралы шешімді тоқтата тұруға құқылы.

65. Егер Сақтандырушыда сақтандыру жағдайын немесе шығындардың мөлшерін растайтын құжаттардың түпнұсқалығына күмән туындаған болса, ол сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау мерзімін осындай құжаттардың түпнұсқалығын уәкілетті органдар растағанға дейін, бірақ 3 (үш) айдан аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы.

66. Сақтандырушы Сақтанушының (Сақтандырылушының) залалдарды азайту үшін орынды және қолжетімді шараларды қасақана қабылдамауы салдарынан туындаған залалдар мөлшеріне қатысты бөлінде сақтандыру төлемін төлеуден босатылады.

67. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы төмендегілердің салдарынан туындаса, Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

1) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайы басталуына немесе оның пайда болуына бағытталған қасақана әрекеттері, қорғаныс пен төтенше жағдай кезінде жасалған әрекеттерді қоспағанда;

2) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен, сақтандыру жағдайына байланысты қасақана жасалған қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері.

68. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін мыналар да негіздеме болуы мүмкін:

1) Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы жалған ақпарат туралы хабарлауы;

2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандыру шартында белгіленген міндеттемелер мен шарттарды орындамауы;

3) Сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және мерзімде сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуы туралы және (немесе) оның салдары сақтандыру жағдайының басталуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы Сақтандырушыға хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау;

4) Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталуын және ол келтірген залалдың мөлшерін белгілеуіне кедергі келтіру;

5) Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайынан болатын залалды азайту шараларын қасақана қабылдамауы;

6) сақтандыру жағдайының Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының аумағынан тыс жерде басталуы;

7) егер Сақтанушы (Пайда алушы) зиянның келтірілуі үшін жауапты адамнан тиісті өтемақы алса;

- 8) егер сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтандыру шарты күшіне енбеген болса;
- 9) Сақтанушы сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын және осы Ереженің 10-тарауында және Сақтандыру шартында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда;
- 10) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталғандығы үшін жауапты адамға талап қою құқықтарынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығын өткізу үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы.

13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

69. Сақтандыру шарты Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде жасалады.
70. Сақтандыру шартын (бұдан әрі - өтініш) жасасуға арналған өтініш нысанын Сақтандырушы белгілейді.
71. Сақтанушы қол қойған өтініш Сақтандырушыдағы Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.
72. Сақтандыру шарты Сақтандырушы сақтандыру тәуекелін бағалағаннан кейін және тараптар Сақтандыру шартын жасасу арқылы немесе Сақтанушыны сақтандыру ережесіне қосып, оған сақтандыру полисін беру арқылы Сақтандыру шартының барлық маңызды шарттары туралы келісімге келгеннен кейін жазбаша түрде жасалады.
73. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның туындауынан болатын ықтимал шығындардың мөлшерін айқындау үшін айтарлықтай маңызы бар жағдайлар туралы хабарлауға, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылушының) кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығын растайтын құжаттарды (лицензия, біліктілік аттестаты, хабарлама, арнайы рұқсаттың басқа түрі) тапсыруға міндетті.
74. Сақтандыру шартын жасау үшін Сақтандырушы Сақтанушыдан сақтандыру тәуекелін сипаттайтын қосымша құжаттарды (мәліметтерді) талап етуі мүмкін.
75. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізу Сақтанушының Сақтандыру шартын жасасу нысанына сәйкес жазбаша өтініші негізінде, Сақтандырушының Сақтандыру шартына қосымша келісім жасауы арқылы жүргізіледі. Егер сақтандыру сақтандыру полисін шығару арқылы жүзеге асырылса, онда өзгертулер мен толықтырулар енгізілген кезде сақтандыру полисі мерзімінен бұрын тоқтатылып, жаңасы жасалады.
76. Егер Сақтандыру шарты жасалғаннан кейін, Сақтанушының Шартты жасасу мақсатында Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін маңызды мән-жайлар туралы жалған ақпарат бергені және Сақтандырушы Сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдағаны анықталса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.
77. Егер Сақтандыру шартында Сақтанушының жағдайын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдаймен салыстырғанда нашарлататын жағдайлар болса, осы заңнамалық актілерде белгіленген ережелер қолданылады.
78. Сақтандыру шартында көрсетілуге жататын талаптардың толық еместігі үшін жауапкершілік Сақтандырушыға жүктеледі. Сақтандыру шарты бойынша оның жеке талаптарының толық болмауына байланысты дау туындаған жағдайда дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.
79. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға оның жазбаша өтінішінің негізінде Сақтандыру шартының телнұсқасын береді.
- Сақтандырушы Сақтанушыдан Сақтандыру шартының телнұсқасын жасау шығындарын өндіріп алуға құқылы, бұл ретте өтелетін шығыстардың жалпы сомасы Сақтандыру шартымен белгіленеді.

14. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ АУМАҒЫ ЖӘНЕ МЕРЗІМІ

80. Сақтандыру шартында көрсетілген аумақ сақтандыру аумағы болып табылады.

81. Сақтандыру шарты 1 (бір) жыл мерзімге, сондай-ақ тараптардың келісімімен, Сақтанушы өтінген өзге де мерзімге жасалуы мүмкін.

82. Сақтандыру шарты Сақтандыру шартында көрсетілген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып есептеледі. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру арқылы қорғалу кезеңі Сақтандыру шартының мерзімімен сәйкес келеді.

83. Сақтандыру шарты келесі жағдайларда өзінің әрекет етуін тоқтатады:

1) Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі аяқталғанда;

2) Сақтандырушы сақтандыру сомасының (Сақтандырушының жауапкершілік лимитінің) мөлшеріндегі сақтандыру төлемін жүзеге асырғанда;

3) Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылғанда.

84. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа келесі жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылады:

1) сақтандыру объектісі тоқтаған кезде;

2) Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырылушының қайтыс болып, ол ауыстырылмаған кезде;

3) егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсылық білдірсе, Сақтанушы сақтандырылған объектіні иеліктен шығаруы;

4) сақтандыру жағдайының туындау мүмкіндігі жойылғанда және сақтандыру жағдайынан басқа жағдайларға байланысты сақтандыру тәуекелінің болуы тоқтатылғанда;

5) Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде;

6) егер Сақтандыру шарты Сақтанушыға Сақтандыру полисін беру арқылы жасалған болса, сақтандыру полисіне енгізілген шарттар мен ақпараттың өзгеруі;

7) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда.

Көрсетілген жағдайларда шартты бұзуға негіз болған жағдай туындаған кезден бастап шарт бұзылған болып саналады, бұл туралы мүдделі тарап екінші тарапқа дереу хабардар етуі керек.

85. Сақтандыру шарты Тараптардың бастамасы немесе келісімі бойынша мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін. Егер Сақтандыру шартында немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға бастамашы болған тарап басқа тарапқа бұзу жоспарланған күнінен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей хабарлайды.

86. Сақтандыру шарты осы тараудың 84-тармағында көзделген жағдайларға байланысты мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Сақтандырушы сақтандыру жарнасының бір бөлігін сақтандыру әрекет еткен уақытқа сәйкес алуға құқылы.

87. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, сақтандырушы кері қайтарылатын сақтандыру сыйлықақысының сомасынан істі жүргізу шығындарын шегеруге құқылы. Мұндай шығындардың мөлшері Сақтандыру шартында, кері қайтарылуы тиіс сомадан проценттік қатынаста белгіленеді.

88. Сақтанушы кез келген уақытта Сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.

Сақтандыру шарты Сақтанушының бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда (Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқанда), Сақтандырушы төленген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын қайтармауға құқылы.

Сақтанушының бастамасы бойынша Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзудың шарттар Сақтандыру шартында айқындалады.

89. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын бұзылуы Сақтанушының кінәсінен оның талаптарын орындамауға байланысты болса, сақтандыру сыйлықақысы (оның бөлігі) қайтарылмайды.

90. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамауға байланысты болса, соңғысы Сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толық көлемде қайтаруға міндетті.

91. Егер Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырылған болса, онда Сақтандырушы төленген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарнасын қайтарылмауға құқылы.

92. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жалпы негіздерден басқа, Сақтанушы Сақтандыру шартын жасасу кезінде заңсыз пайда алу мақсатын ұстанса, оның ішінде оның сақтандыру жағдайы туындағаннан кейін жасаса Сақтандыру шарты жарамсыз болып танылады.

15. ҚОСАРЛАНҒАН САҚТАНДЫРУ

93. Қосарланған (көпше) сақтандыру – бір объектіні бірнеше Сақтандырушыда олардың әрқайсысымен жеке шарттар бойынша сақтандыру.

94. Қосарланған сақтандыру кезінде әрбір Сақтандырушы Сақтанушының алдында онымен жасалған Сақтандыру шартының шегінде жауаптылықта болады, алайда Сақтанушының мүлкіне тигізілген зиян үшін онымен барлық Сақтандырушылардан алынған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиі.

Бұл ретте Пайда алушы өзімен жасалған Сақтандыру шартына көзделген сақтандыру сомасының көлемінде кез келген Сақтандырушыдан сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер алынған сақтандыру төлемі нақты нұқсанды жаппаған жағдайда, Сақтанушы жетпейтін соманы басқа Сақтандырушыдан алуға құқылы.

95. Сақтандыру төлемінен толықтай немесе ішінара босатылған Сақтандырушы келтірілген нұқсанды басқа Сақтандырушылардың өтегеніне орай, Сақтанушыға шеккен шығыстарды шегере отырып, сақтандыру сыйлықақысының тиісті бөлігін қайтаруға міндетті.

96. Сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін қосарланған сақтандыру кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға басқа сақтандыру компанияларында сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы барлық ақпаратты, оның ішінде басқа Сақтандырушылардан алынған сақтандыру төлемдерінің мөлшері туралы ақпаратты беруге міндетті.

97. Қосарланған сақтандыру кезінде Сақтандырушы сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен жағдайларын білуге, басқа сақтандыру компанияларымен бірлесіп, сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген шығындардың мөлшерін анықтауға құқылы.

16. СУБРОГАЦИЯ

98. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты адамға қоятын Сақтанушының (Сақтандырылушының) төленген сомасының шегінде талап қою құқығы ауысады.

99. Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға ондағы бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге, және оған Сақтандырушыға ауысқан талап ету құқығын жүзеге асыруға қажетті барлық мәліметтердің хабарлауға міндетті.

100. Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушымен өтелген шығындар үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығынан бас тартса, немесе осы құқықты жүзеге асыру Сақтанушының (Сақтандырылушының) кінәсінен мүмкін болмаса, Сақтандырушы

сақтандыру төлемін толығымен немесе тиісті бөлігін жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

17. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЯТТАРЫ

101. Егер тараптар еңсерілмейтін күш жағдайларына (форс-мажорға) байланысты, яғни тараптың Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін орындау мүмкін болмайтын ерекше және болдырмайтын жағдайларға байланысты өз міндеттемелерін тиісті түрде орындау мүмкін еместігін дәлелдейтін болса, тараптар жауапкершіліктен босатылады.

102. Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді тараптардың біреуі толық немесе жартылай орындауы мүмкін болмаған жағдайда, оларды орындау мерзімі осындай жағдайлар болған уақытқа тең мерзімге кейінге қалдырылады.

103. Егер форс-мажорлық жағдаяттар 3 (үш) айдан астам уақытқа созылса, онда тараптардың әрқайсысы Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда тараптардың ешқайсысы екінші тараптан Сақтандыру шартының бұзылуынан келтірілген залалдың орнын толтыруды талап етуге құқылы емес.

104. Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін болмаған тарап міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін жағдайлардың туындауы немесе тоқтатылуы туралы екінші тарапқа жиырма күндәік мерзімде хабарлауға міндетті.

18. ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТӘРТІБІ

105. Сақтандыру субъектілерінің арасында Сақтандыру шартын орындау бойынша туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

19. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

106. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін өзге де шарттар көзделуі мүмкін.

107. Сақтандырушы осы Ереженің негізінде сақтандыру тәуекелдерінің түрлі жинақтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін өзге де сақтандыру шарттарымен сақтандыру бағдарламаларын әзірлеуге құқылы.

108. Сақтандыру шартының мазмұны осы Ережеге сәйкес келмеген жағдайда, егер ол Сақтандыру шартында тікелей қарастырылмаса, Сақтандыру шартының талаптары қолданылады.

109. Осы Ережемен реттелмеген бөлікте Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қолданылады.